

АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Мәнін жоғалтқан келісімшартты бұзу





Келісімшарттың мәнін жоғалтуы: тар мағынадағы анықтама

1. Келісуші тарап келісімшарт талаптарын бұзбаса, алайда жағдайдың өзгеруі салдарынан бастапқыда жүктелген міндеттемені бұдан былай орындау мүмкін болмаса, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтқан (frustrated contract) болып саналады.
2. Келісімшарттың қажетсіз болып қалуына әкеп соқтырған күтпеген жағдай (тәуекел) келісуші тараптың әрекетімен байланысты болмағанда ғана келісімшарт мәнін жоғалтқан деп танылады. Сондықтан күтпеген жағдайдың (supervening event) орын алу қаупін (тәуекелді) алдын ала болжап білуге болатынын ескеру қажет, бірақ бұл фактор шешуші роль атқармайды: алдын ала болжап білуге болатын немесе алдын ала болжанған тәуекелдер де келісімшарттың мәнін жоғалтуына себепші болуы мүмкін.

(i) тұжырым: Бастапқыда жүктелген міндеттемені бұдан былай орындау мүмкін болмаған жағдайлар. Қазір қолданыстағы доктрина алғаш рет Тэйлордың Колдуэллге қарсы ісінде (1863) (Taylor v. Caldwell) айқындалған болатын. Бұл сот ісінде айқындалған доктрина заңға сай тұспалды талап негізінде қолданылған, соған қарамастан қазіргі кезде мәнін жоғалтқан келісімшарт доктринасын «ол келісуші тараптарды, айрықша жағдайларда, әлі орындамаған міндеттемелерінен босатады» деп түсінген жөн. Айта кетерлігі, келісуші тараптар міндеттемелерінен шартты әрі



жалған сипаттағы өзара ниеттеріне немесе үнсіз түсінісуі негізінде емес, заңның үстемдік құруы негізінде босатылады. Тұспалды талап теориясынан бас тарту ұстанымын сот алғаш рет Davis Contractors Ltd компаниясының Фэрэм қалалық округтік кеңесіне қарсы ісінде (1956) (Davis Contractors Ltd v. Fareham Urban District Council) қолданған. Бұл ұстанымды Апелляциялық сот төрағасы лорд Деннинг The Eugenia ісін (1964) қараған кезде мақұлдаған.

Аталған доктринаның қолданылу аясын лорд Рэдклифф Davis Contractors Ltd v. Fareham Urban District Council ісін (1956) қараған кезде былай деп айқындап берген:

«Келісуші тараптар келісімшарт талаптарын бұзбағанда, келісімшартта қарастырылған міндеттемені келісілгендей орындау мүмкін болмаған, орындаған күннің өзінде, қалыптасқан ахуал салдарынан ол міндеттеме келісімшартта көрсетілгендей емес, мүлде басқа міндеттеме болатын жағдай орын алғанда, келісімшарт мәнін жоғалтады. Non haec in foedera veni. Яғни мен мұндай уәде берген емеспін [мен өзіме мұндай міндеттеме алған жоқпын]».

Бұл сот ісі – осы саладағы басты прецедент. Оған мынадай төрт себеп бар: біріншіден, Лордтар Палатасы тұспалды талап теориясынан бас тарту керектігін айқын білдірді; екіншіден, онда мәнін жоғалтқан келісімшартты анықтайтын «мүлде басқа міндеттеме» деген жалпы критерий айқындалған; үшіншіден, бұл істе коммерциялық ауыртпалық кесірінен келісімшарттың мәнін жоғалтпайтыны айтылды; сондай-ақ, құрылыс салу келісімшарттарына келгенде, сот құрылыс материалдарының жетіспеуіне, соның салдарынан жұмыстың кешігуіне құрылыс салушы тарап жауап береді деген шешім шығарды.

Жағдайдың өзгеріп, келісуші тарапқа ауыртпалық түсуі аталған тарапты өз міндеттемесін орындаудан босатуға себеп бола алмайды. Жалпы құқыққа сай, ағылшын судьялары келісуші тараптар келісімшарт жасасқаннан кейін қиындықтарға тап болғандықтан, оларды міндеттемелерінен босатуға өкілетті емес. Ауыр жағдай қалыптасқан, тіпті келісуші тарап коммерциялық дағдарысқа ұшыраған күннің өзінде келісімшарт мәнін жоғалтпайды.

Лорд Ньюбергердің Arnold v. Britton ісінде (2015) жазбаша келісімшарттарға түсіндірме беру туралы жасаған мәлімдемесі:

«...Коммерциялық қисындылық қағидасын ретроспективті түрде қолдануға болмайды. ...Коммерциялық қисындылық «келісуші тараптар немесе сол тараптардың орнында болған қисында адам келісімшарт жасалған күні тиісті жайттар туралы қандай ой-тұжырым жасауы мүмкін еді?» деген сұрақ тұрғысынан алып қарағанда ғана жарамды».

Сонымен қатар ол былай деген:

«...Коммерциялық қисындылық факторын естен шығармау керектігі анық, ...десе де сот келісімге түсіндірме берген кезде келісуші тарапты жіберген азаттығы немесе қабыл алған нашар кеңес салдарынан босатуға міндетті емес».



Келісімшарттың мәнін жоғалтуы мынадай үш жағдаймен байланысты: (а) келісімшарт жасасқаннан кейін орын алған құқықтық өзгеріс салдарынан келісімшарт талаптарын орындаудың заңсыз болып қалуы; (b) келісімшартты физикалық тұрғыда орындау мүмкін емес болғанда; немесе (с) келісімшартты орындауға үлкен кедергінің туындауы (келісімшарттың мәнін жоғалтуына әкеп соқтыратын кешіктіру сондай-ақ «бастаманың мәнін жоғалтуы», мұны қазір кейбір авторлар келісуші тараптар көздеген «мақсаттың бекер болып қалуы» деп атайды. Дегенмен, көп жағдайда, аталған үшінші категорияға ғана сүйену жеткілікті емес. Қазір қолданыстағы «көп факторлы» ұстанымды лорд-судья Рикс The Sea Angel ісінде (2007) айқындап берген. Ол ұстанымға сай, мынадай сұрақтарға баса назар аудару керек: а) орын алған оқиға келісімшарт мәнін жоғалтатын жағдайлар санатына жата ма? b) тәуекел тудырған оқиға, айқын не тұспалды түрде, қандай да бір келісуші тарап әрекетіне байланысты ма? c) келісімшартты мәнін жоғалтты деп тану коммерциялық әділдік ұғымына қайшы келмей ме?

(ii) тұжырым: Тәуекелдің келісуші тарап әрекетіне байланысты болмауы. Тиісті тәуекел: (а) айқын көрсетілген талапқа немесе (b) бұрыннан бар ережеге, немесе (с) соттың нақты жағдайды ескеріп шығарған ұйғарымына сай, қандай да бір тарап әрекетіне байланысты болмағанда ғана келісімшарт мәнін жоғалтқан болып саналады.

Аталған (с) тармағына келсек, The Sea Angel ісін (2007) қараған лорд-судья Рикс атап өткендей, ол үшін нақты коммерциялық жағдайды мұқият талдау қажет, осы ретте келісімшартты мәнін жоғалтқан деп танып, онда қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босату мәселесіне жеңіл-желпі қарауға болмайтынын үнемі есте сақтаған абзал. Судья Битсонның мына іске қатысты жасаған қысқаша мазмұндамасын қараңыз: Islamic Republic of Iran Shipping Lines v. Steamship Mutual Underwriting Association (Bermuda) Ltd, 2010).

Айқын не тұспалды түрде қатысы бар деп танылған тәуекелдің шектес мәселе болу-болмауын Bunge SA v. Kyla Shipping Co Ltd ісінен (2012) аңғаруға болады. Мұндағы қолданылатын тексеру әдісі (басты сұрақ) мынадай: «Келісімшартқа шынайы түсіндірме бергенде, орын алған оқиғаның не күтпеген жайттың немесе осы оқиғаның не күтпеген жайттың орын алу қаупін (тәуекелді) келісуші тараптың біреуінің не басқасының әрекетімен байланысты болатыны қарастырылған ба, жоқ па?». Іске қатысушы тараптар жасасқан чартерлік (кеме фрахты туралы) келісімшартта кеме иесінің аса үлкен көлемде (16 млн АҚШ доллары) сақтандыру жасайтыны туралы кепілдік қарастырылған. Жалға алынған кемеге, ол Бразилия портында тұрғанда, үшінші тарап залал келтірген. Кеме иесі кемені жөндеуге кететін қаражат (9 млн АҚШ доллары) кеме құнынан (5 млн АҚШ доллары) асып түседі, сондықтан кемені жалға алу келісімшарты мәнін жоғалтқан деген ұстанымда болды. Судья Флокс сақтандыру кепілдігінде жоспардан тыс оқиғаның орын алу салдарынан кемені жөндеуге жұмсалатын қаражаттың кеменің жол шығындарынан асып түсу мүмкіндігі қарастырылған, сондықтан кемені жөндеуден бас тартқан кеме иесі келісімшарт талаптарын бұзды деген шешім шығарды. Алдын ала болжап білуге болатын немесе алдын ала болжанған оқиға орын алған жағдайда, мәнін жоғалтқан келісімшарт доктринасының қолданылуы екіталай. Мұндай қағиданы The Sea Angel ісін (2007) қараған лорд-судья Рикс, одан бұрын – The Eugenia ісін (1964) қараған Апелляциялық сот төрағасы лорд Деннинг атап өткен. Кейбір шешімдер, мысалы Құпия кеңестің Maritime National ісіне (1935) қатысты шешімі, жасалған келісімшарттың мәнін жоғалтуына жол берілмейді деген күні бұрын белгіленген тұжырымға негізделген. Дегенмен алдын ала болжап білу мүмкіндігінің болғанына ғана сүйеніп, келісімшарт мәнін жоғалтты деп ұйғаруға болмайды. Оны келісуші тарап тиісті оқиғаның орын алу тәуекелін болжай алған деген іске қатысты фактор деп түсіну қажет. Мұндай ұстанымды кезінде The Eugenia ісін (1964) қараған Апелляциялық сот төрағасы лорд Деннинг білдірген.

Келісімшартты мәнін жоғалтқан деп тану-танымау туралы бірінші инстанция соттарының шешімдері. Мұндай шешімдер, соның ішінде арбитраждық сот шешімдері, әдетте, апелляция нәтижесінде өзгеріссіз қалдырылады; осындай жағдайда олардың анықталған фактілерге және коммерциялық шешімдерге (айқын құқықтық нормалардың нағыз қателіктеріне қарағанда) қаншалықты дәрежеде негізделгені есепке алынады. Алайда келісімшарт мәнін жоғалтқан деген шешім шығармас бұрын, мынадай бірқатар мәселеге көңіл бөлу қажет: бір жағынан, мұндай шешім айтарлықтай дәрежеде қалыптасқан ой-тұжырымға құрылады; басқа жағынан алып қарағанда, мұндай сот ісін субъективті ұйғарымдар тұрғысынан қарауға болмайды, оған қатысты белгіленген ережелерді қолдану керек – осындай жағдайда апелляциялық инстанцияның бұрын шығарылған шешімнің күшін жоюы әбден ықтимал. Дегенмен, арбитраж тексеру әдісін дұрыс қолданбаса немесе шешім қабылдағанда қателік жіберсе, әлдеқайда көп жағдайда алдыңғы сот шешімінің күшін жою мүмкіндігі бар.



Мәнін жоғалтқан келісімшарт автоматты түрде тоқтатылады



Келісімшарт мәнін жоғалтқан жағдайда, келісуші тараптар өздерінің әлі орындамаған міндеттемелерінен босатылады – бұл автоматты түрде, яғни аталған тараптар келісімшарттың мәнін жоғалтқанын білмеген жағдайда да іске асатын қағида. Мұндай кезде тараптар бір-біріне тиісті ресми хабарлама жіберуге міндетті емес.

Келісімшарт толықтай немесе оның бір бөлігі ғана мәнін жоғалтуы мүмкін.

Бұл бапта лорд Самнердің Ніжі Мулжі ісіне (1926) қатысты айтқан мына мәлімдемесі көрініс тапқан: «Мәнін жоғалтқан келісімшарттың бірден, яғни автоматты түрде күші жойылады» (келісуші тараптардың аталмыш жайттан хабардар болуы міндетті емес).

Келісімшарт жасасқаннан кейін оны орындау заңға қайшы болатын жағдайлар:

1. Келісімшарт жасасқаннан кейін орын алған құқықтық өзгеріс салдарынан оның талаптарын орындау заңсыз болып қалса, келісімшарт мәнін жоғалтады.
2. I тармақта аталған құқықтық өзгеріске тиісті заң талаптарының өзгеруі (соның ішінде заңда айқындалған құқықтық режимнің өзгеруі) немесе заңға қатысы жоқ құқықтық өзгеріс, немесе тыйым салу не қайтарып алу, не заңды түрде берілген рұқсаттың айтарлықтай өзгеруі жатады.

Жария тәртіппен тыйым салынған заңға қайшы жайттарды ескеріп келісімшарт жасасуға жол берілмейді. Мысалы, Fibrosa ісі (1943) бойынша: британиялық компания Польшадағы портқа жабдық жеткізіп беру туралы келісімшарт жасасқан. Бірақ Германия әскері Польша аумағын өз бақылауына алған кезде аталған келісімшарт мәнін жоғалтты. Өйткені жабдық жеткізуші тарап осындай жағдайда келісімшарт талаптарын іске асырса, оның дұшпанмен сауда жасасуына тура келетін еді. Мұның заңға қайшы әрекет болатыны айтпаса да түсінікті. Керісінше, Islamic Republic of Iran Shipping ісін (2010) қараған судья Битсон ішінара заңға қайшы жайттың кесірінен теңіз сақтандыруы туралы келісімшарт мәнін жоғалтпайды деген шешім шығарған.

Келісімшартты жеке жағдайларға байланысты немесе физикалық тұрғыда орындау мүмкін болмайтын жағдайлар

1. Жеке тұлғаларға қызмет көрсету туралы келісімшарт жасасқан, тиісті талаптарды бұзбаған адам келісімшарт аяқталмай тұрғанда дертке шалдығып, еңбекке қабілетсіз болып қалса немесе психикалық қабілеттілігінен айырылса, немесе қайтыс болса, немесе басқа да себептерге байланысты өзіне жүктелген міндеттерді физикалық тұрғыда орындай алмаса, онымен жасалған келісімшарт мәнін жоғалтады.
2. Келісуші тарап келісімшарт талаптарын бұзбаған жағдайда, оның өзіне алған міндеттемелерді физикалық тұрғыда орындауына мүмкіндік беретін факторлар жойылған кезде келісімшарт мәнін жоғалтады.
3. Міндеттемелерді орындау бұрынғыдан гөрі қиын болып қалған жағдайда, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтпайды.



(i) тұжырым: Жеке тұлғаларға қызмет көрсету және әрекет қабілетсіздігі мәселесі. Әрекет қабілетсіздігі мәселесі адамның өлімімен не оның дене жарақатын алуымен ғана шектелмейді. Бұл мәселе адамның психикалық қабілеттілігінен айырылған жағдайларды да қамтуы мүмкін. Соған қарамастан, сот клиент психикалық қабілеттілігінен айырылғандықтан жеке нұсқаулар бере алмайтынына қарамастан, шартты гонорар туралы келісім (conditional fee agreement) мәнін жоғалтпайды деген шешім шығарған.

(ii) тұжырым: Тиісті міндеттемелерді физикалық тұрғыда орындауға мүмкіндік беретін факторлардың жойылуы. Бұған Taylor v. Caldwell ісі (1863) мысал бола алады: келісімшарттың басты нысаны болған ғимарат өрт салдарынан қираған. Бұған ешбір тарап кінәлі болмаған, сондай-ақ осындай жайттың орын алу қаупі (тәуекел) ешбір тараптың әрекетімен байланысты болмаған. Сол сияқты, National Carriers Ltd v. Panalpina (Northern) Ltd ісін (1981) қараған Лордтар Палатасы жерге меншік құқығын жалға беру туралы келісімшарттар мәнін жоғалтқан деп танылуы мүмкін деген шешім шығарған (алайда мұны айрықша жағдай деуге болады).

(iii) тұжырым: Келісімшартты орындау бұрынғыдан гөрі ауыр болса немесе көбірек шығын жұмсауды қажет етсе, ондай келісімшарт мәнін жоғалтпайды. Осы ретте ағылшын құқығында коммерциялық тәртіпке ерекше мән берілетінін атап өткен жөн. Бұл тақырыпқа қатысты негізгі сот ісі – Davis Contractors v. Fareham Urban District Council (1956). Іске қатысқан құрылыс салушы тарап өзінің келісімшартқа сай міндеттерін орындау барысында екі проблемаға тап болды. Біріншіден, жұмысшы күші жетіспей құрылыс баяу жүргендіктен құрылыс мерзімі келісілген 8 айдан 22 айға созылды. Соғыстан кейінгі кезеңде жұмысшы күшінің тапшылығын болжап білуге болатын еді. Екіншіден, құрылыс жұмыстарының жалпы құны бастапқыдағы 94 000 фунт стерлингтен шамамен 115 000 фунт стерлингке өсті. Соған қарамастан құрылыс салушы жұмысты аяқтап болды. Лордтар Палатасы істің мән-жайын тексере келе, тараптар жасасқан келісімшарт мәнін жоғалтпаған, өйткені жоғарыда аталған өзгерістер соншалық елеулі емес, яғни олар тиісті доктринаны қолдануға негіз бола алмайды деген шешім шығарды. Сондықтан құрылыс салушы тарап бастапқыда келісілген бағадан артық сұрауға құқылы болған жоқ.

Жалпы мақсаттағы тауарларды жеткізу. Жалпы мақсаттағы тауарларды жеткізуші тарапқа тауарларды «тізбек бойынша кейін тұрған» (further up the chain) көздерден сатып алу міндеті жүктеледі. Сондықтан, келісімшарт жасалғаннан кейін оны орындау заңға қайшы келмесе, сатушы тарап қандай да бір үшінші тарапты тауар жеткізуге көндіре алмаса (мысалы, әлемнің тиісті аймақтарындағы картельдердің қиындықтарға тап болғанына байланысты), келісімшарт мәнін жоғалтқан деп танылмайды. Апелляциялық соттың STI Group Inc v. Transclear SA (The Mary Nour) ісіне (2008) қатысты шығарған шешіміне сай, мұндай жағдайда сатушы тарап өзіне жеткізілетін тауарды сатып алуға және тауардың жеткізілмей қалуына байланысты жауапкершілік алады. Тиісті шикізат тауарын жеткізетін жалғыз шетелдік тарап белгіленген шетелдік көзден келетін тауарларға эмбарго жариялаған жағдай мүлде басқа, мұндай ұстаным Societe Cooperative Suisse des Cereales et Matieres Fourrageres v. La Plata Cereal Company SA ісінде (1946) атап өтілген.

Айрықша жағдайларда кешіктіру салдарынан келісімшарт мәнін жоғалтқан деп танылуы мүмкін

Тиісті тарап келісімшарт талаптарын бұзбаған жағдайда, келісімшарт кешіктіру салдарынан мәнін жоғалтуы ықтимал. Ол тек мынадай жағдайларда ғана мүмкін: (a) келісуші тараптардың келісімшарт жасасқан кездегі болжамдары күрт өзгергенде; (b) мұндай өзгеріс ешбір тараптың әрекетімен байланысты болмағанда.

Кешіктіру мен келісімшарттың мәнін жоғалтуы жөнінде, лорд Роскиллдың The Nema ісіне (1982) қатысты айтқан мына сөздеріне назар салсақ болады: «Белгілі бір оқиға орын алғандықтан, келісімшарт мәнін жоғалтты деген пікір айтылатын кейбір жағдайларда аталмыш доктринаны қолдануға болатынын-болмайтынын бірден анықтау мүмкіндігі бар. Бірақ басқа жағдайларда аталған оқиғаның орын алуы салдарынан келісімшартта қарастырылған міндеттемелерді орындауды кешіктіру болады. Мұндай



жағдайда оқиғаның қалай өрбігенін, кешіктірудің болғанын-болмағанын байқап, бұдан да ұзақ кешігу салдарынан келісімшартта көрсетілген міндеттемелердің, лорд Рэдклиффтың сөзімен айтар болсақ, түбінде «мүлде басқа» міндеттемелерге айналуына әсер ететінін-етпейтінін анықтау қажет. Дегенмен, бәрімізге мәлім болғандай, іскер адамдардың оқиға қалай өрбиді екен деп тым ұзақ күтіп отыруына да болмайды. Олар қандай жағдай қалыптасқанын біліп отыруы тиіс. Кешіктіру жайтының келісімшартты мәнін жоғалтқан деп тануға жеткілікті негіз болатынын-болмайтынын анықтау үшін орын алған оқиғаға және одан кейін орын алуы ықтимал жайттарға қатысты барлық айғақтарды тексеріп, дәлелді пайым шығару керек. Кешіктірудің салдарынан тиген нұқсан нақты бір мәміленің мәнін жоғалтуына себепші болды ма деген сұрақ аталған жайттың ауқымына байланысты болады. Ауқым мәселесіне келгенде, бәрімізге ортақ пікірдің болуы екіталай. Quot homines, tot sententiae – адамның бәрі бірдей ойламайды. Аталған дәлелді пайымды факт мәселелерін қарайтын сот органы (tribunal of fact) шығаруы керек». Лорд Роскилл өз сөзін былай деп жалғастырған: «Тиісті құқықтық нормадан хабардар болған сот органы аталған кешіктіру жайтының салдары туралы өз бетімен тұжырым жасап, маңызды сұрақтарға жауап табуы тиіс... Тағайындалған арнайы сот шешім шығару үшін дұрыс құқықтық тексеру әдісін қолданған болса, аталған тексеру әдісі кезінде есепке алынған фактілерге сүйеніп, қисынды адамның мұндай қорытындыға келуі мүмкін болмағанда ғана...істі қайта қарайтын апелляциялық соттың араласуына рұқсат. Бұл соттың аталған тексеру әдісіне және тиісті фактілерге сүйенгенде басқа қорытындыға келуге болатын еді деген пайымды басшылыққа алып, істі қарауына жол берілмейді. Әйтпесе бұл жайт факт мәселелерін қарайтын соттың айрықша өкілеттілігін негізсіз иемденуге әкеп соқтыратын еді». Кешіктіру жайтының келісімшарттың мәнін жоғалтуына себепші болғанын Metropolitan Water Board v. Dick, Kerr & Co ісінен (1918) көруге болады. Іске қатысушы тараптар алты жыл ішінде су қоймасын салу туралы келісім жасасқан. Елдің соғыс кезеңіндегі үкіметі мердігер тараптан құрылыс жұмыстарын тоқтатып, зауытын сатуды талап еткен. Лордтар Палатасы тараптар жасасқан келісімшартта «қандай да бір оқиғаның орын алуы» салдарынан жұмыс мерзімінің ұзартылуы қарастырылғанына қарамастан, аталған келісімшарт мәнін жоғалтты деген қорытындыға келді. Мұндай қорытындының қолданылу аясы айтарлықтай кең болғанымен, оның елеулі «оқиғаны» қамтымайтыны атап өтілді.

Керісінше, кешіктіру жайты мына төмендегі істерде келісімшартты мәнін жоғалтқан деп тануға жеткілікті негіз бола алмады. Davis Contractors ісі (1956) құрылыс салу келісімшарты бойынша сегіз айда аяқталады деп жоспарланған жұмыстар 22 айға созылған.

The Eugenia ісі (1964) бойынша: теңіз сапары 108 күн жалғасады деп жоспарланған (бастапқыда Қара теңізден Үндістанға дейінгі маршрут Суэц каналы арқылы өтуге тиіс еді), бірақ іс жүзінде 138 күнге созылды (бастапқыдағыдан ұзақ жолмен – Қайырымды үміт мүйісі арқылы баруға тура келді).

The Sea Angel ісі (2007) бойынша: құтқару операциясына болысу үшін кемені 20 күннен аспайтын мерзімге жалға алған. Алайда ол кемеге порттан шығуға тыйым салынды. Пәкістанның порт әкімшілігі кемені порттан шығармас бұрын қоршаған ортаның ластанғаны үшін өтемақы төлеуді талап еткен (аталған кеме портта тұрған танкерді құтқару үшін жалданған, сол танкердегі мұнай сыртқа ағып кеткен). Құтқару операциясына жалданған кемені порттан шығарып алу үшін үш айдан астам уақыт кетті. Англияның Апелляциялық соты кешігуден және келісілген мерзімнің ұзаруынан болған тәуекел кемені жалға алған тарапқа жүктеледі деген шешім шығарған. Сондықтан аталған тарап келісілген күн сайынғы жалдау ақысын төлеуге міндетті болды.

Бастаманың айрықша жағдайларда мәнін жоғалтуы

Келісімшарт мәнін жоғалтқан деп танылатын жоғарыда көрсетілген категориялардың ешқайсысы жарамаса, айрықша жағдайларда, кейін орын алған қандай да бір өзгеріс салдарынан мәміле жасасу мақсаты бекер болып қалса, аталған мәміле мәнін жоғалтады.

Бастаманың мәнін жоғалтуы (кешіктіру салдарынан болмаған). Келісімшарттың мәнін жоғалтуын, әдетте, осы категориямен байланыстырмайды. Дегенмен кейбір айрықша жағдайларда келісімнің іске асуы қандай да бір үшінші тараптың қатысуына тәуелді болады; мұндай жағдайда аталған үшінші тарап жоғалып кетсе, бүкіл жоба не мәміле бұзылады немесе мәнін жоғалтады. Осындай жайтқа қатысты бірден-бір сот ісі – Krell v. Henry (1903): жауапкер тарап король VII Эдуардтың таққа отыру рәсімін тамашалау мақсатында бір күнге пәтер жалдаған. Алайда король науқастанып қалғандықтан, таққа отыру рәсімі кейінге қалдырылды, сол себепті тараптар жасасқан келісімшарт мәнін жоғалтқан. Жауапкердің пәтерді нақты бір мақсатта – сол бір айтулы оқиғаны өз көзімен көру үшін ғана жалдағаны айқын еді:



белгіленген күні аталған салтанатты рәсім болмаса, жалға алушы тараптың пәтерге кірмейтіні белгілі болған. Сондықтан корольдің таққа отыру рәсімінің кейінге қалдырылуымен байланысты тәуекелді жалға алушы тарапқа жүктеп қоюға болмады.

Англияның Апелляциялық соты *Krell v. Henry* ісін (1903) *Herne Bay Steam Boat Co v. Hutton* ісіне (1903) қатысты міндетті прецедент деп қолданудан бас тартты. Аталған соңғы сот ісінде тараптардың келісімшарт «жасасуына негіз болған жайт» толықтай жойылмаған. Іс жүзінде оның елеулі бөлігі әлі күшінде еді. *Herne Bay Steam Boat* ісі (1903) бойынша: жауапкер тарап пароходты коммерциялық мақсатта жалға алып, кемеге мінген жұртты ақылы негізде Спитхедтегі Корольдік әскери-теңіз флотының парадын көруге апаруды жоспарлаған. Парад король VII Эдуардтың таққа отыру рәсімінен кейін болуға тиіс еді. Англияның Апелляциялық соты шығарған шешімге сай, корольдің науқастанып қалуына байланысты таққа отыру рәсімі кейінге шегерілгенімен, тараптар жасасқан жалға алу келісімшарты бекер болмады (қазіргі заман тілімен айтқанда) – «уақыт босқа өткен жоқ». Сондықтан келісімшарт мәнін жоғалтпаған. Корольдің өзі парадқа қатыспағанымен, жұртшылық айлақта өтетін әскери кемелер шеруін тамашалау мүмкіндігінен айырылған жоқ. Бұл – король келмесе, әскери-теңіз флотының парады да болмайды дейтіндей жағдай емес еді.

Жалданатын кеме туралы жарнамада: «Кеме король флотты қарап тұратын мерзімге жалға беріледі», – деп жазылғанда, жағдай өзгеше болатын еді. Дегенмен, істің мән-жайы көрсеткендей, объективті түрде алып қарағанда, кеме тек осы мақсатпен ғана жалға алынбаған. Жұрттың көңілі қалып, парадқа барамын дегендердің саны азайып қалу тәуекелі кемеңі жалға алған тарапқа жүктелген (солай болғаны дұрыс).

Krell v. Henry ісі мен *Herne Bay Steam Boat* ісін қарау нәтижелері әртүрлі болғанымен, бұл екі іс бойынша шығарылған шешімдер негізді. *Krell v. Henry* ісінен аңғарғанымыздай, келісуші тараптардың аман-есен, келісімшарт нысанының жарамды болғанына, ал келісімшарттың өзін іске асыру заңға қайшы болмағанына қарамастан, келісімшарт мәнін жоғалтқан деп танылу мүмкін. Айрықша жағдайларда, келісімшартқа негіз болған жайт (абстрактті платформа) жойылып кетіп, келісімшартты орындау – бекер әрі қажетсіз іс болып қалуы мүмкін.

Керісінше, *Herne Bay Steam Boat* ісінен белгілі болғандай, орын алған қандай да бір жайт салдарынан келісімшартта қарастырылған қанағаттандырылғы жағдай толықтай емес, жартылай жойылған кезде, «бастама мәнін жоғалтқан» деп саналмайды.

Сот «бастама мәнін жоғалтты» деген тұжырымнан туындаған дәйекті *Islamic Republic of Iran Shipping Lines v. Steamship Mutual Underwriting Association (Bermuda) Ltd* ісінде (2010) қараған болатын. Бірақ судья Битсон шығарған шешімге сай, теңіз сақтандыруы туралы келісімшарт ішінара заңға қайшы жайттың кесірінен мәнін жоғалтпады, өйткені келісімшарттың мәні айтарлықтай өзгермеген.

Келісімшарт мәнін жоғалтпайтын әдепкі жағдайлар немесе тиісті таңдау жасау

Келісуші тарап «келісімшарттың мәнін жоғалтуына өзі себепші болған», атап айтқанда: (а) келісімшартты бұзған немесе теріс қылыққа не қылмыстық әрекетке барған; немесе (б) келісімшарттың мәнін жоғалтуына себепші болуды өзі таңдаған жағдайда, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтпайды.

- I (b) тармағына келсек, келісуші тарап келісімшарт талаптарын орындауға қабілетті болғанымен,
- орын алған қандай да бір жайттан кейін өз мүдделерін ғана ілгерілетуді жөн көргендіктен; немесе
- үшінші тараптармен басқа келісім жасасу жолын таңдап (орын алған жайтпен қатар), аталған келісімге сай қарсы тараппен арадағы келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындай алмайтындықтан; немесе (с) жалпы алғанда, жасалған келісімшартты іске асыру мүмкіндігінің болғанына қарамастан, оны орындамауды таңдаса, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтпайды.



(i) **тұжырым:** Келісуші тарап «келісімшарттың мәнін жоғалтуына өзі себепші болған» жағдайлар. Келісуші тарап:

(1) келісімшартты бұзған; немесе (2) басқа да теріс қылыққа жол берген (дегенмен мұндай жағдай тұспалды талапты бұзумен байланысты болуы мүмкін); немесе (3) қылмыстық әрекетке барған; немесе (4) өзінің ғана не өзге клиенттің ғана мүдделерін ілгерілетуді жөн көрген не осындай таңдау жасаған (II тұжырымға қатысты түсіндірмені қараңыз) жағдайда, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтпайды.



Аталған (3)-тармаққа келсек, Joseph Constantine ісіне (1942) қатысты жасалған нормативтік шешімге жаппайтын пайымға сәйкес, өз денсаулығына салғырт қарау кесірінен суық тигізіп алған примадонна (ойдан шығарылған тарап), келісімшартта айқын көрсетілген қандай да бір талапты бұзбағанына, әдейі тиісті «таңдау» жасамағанына не пасық қылыққа бармағанына қарамастан, келісімшарттың мәнін жоғалтуына өзі себепші болды деп айыпталады. Мұндай ұйғарымды құқықта тұспалды талаптардың танылатынымен түсіндіруге болады. Сондай тұспалды талап бойынша, осы істегідей жағдайда, жеке тұлға өзіне келісімшартқа сай жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындап шығу үшін, қисынға сай сақтық танытып, бойын тәуекелден аулақ ұстауы керек. Осындай тұспалды талапты бұзған тарап келісімшарттың мәнін жоғалтуына өзі себепші болған деп айыпталып, келтірілген залалды өтеуге жауапты болады.

(ii) тұжырым: Таңдау.

(a) Өз мүдделерін ілгерілетуді жөн көрген тарап. Maritime National ісін (1935) қараған Құпия кеңес кемені жалға алған тарап әрекетке қабілетсіз болып қалуға өзі себепші болғандықтан (self-induced incapacity), жасалған келісімшарт мәнін жоғалтқан жоқ деген шешім шығарды. Жауапкер тарап (кемені жалға алушы) талап арыз берген тараптан (кеме иесінен) St Cuthbert атты траулерді жалға алған. Жалға алушының одан басқа төрт траулері болған. Келісуші тараптар траулерлерді пайдалану үшін үкіметтен лицензия алу керектігін білген. Кемені жалға алған тарап бес лицензияға өтініш тапсырған, бірақ үш-ақ лицензия алған. Ол осы лицензияларды өзінде бар үш кемеге беріп, St Cuthbert траулерін лицензиясыз пайдалануды жөн көрді. Кеме иесі одан жалдау ақысын төлеуді талап етіп, сотқа шағымданған. Кемені жалға алған тарап кемені пайдалануға қажетті лицензиялар толық алынбағандықтан, жасалған келісімшарт мәнін жоғалтты деген ұстанымда болды. Бірақ сот жалға алушы тараптың бұл дәйегін қолдамады. Құпия кеңес шығарған шешімге сай, жалға алушы тарап қолындағы үш лицензияны St Cuthbert траулерін емес, басқа кемелерді пайдалануға жұмсаған, осылайша ол келісімшарттың мәнін жоғалтуына өзі себепші болған.

(b) Келісуші тарап қос брондауға (double-booking) байланысты тәуекелді өзіне алады. The Super Servant Two ісі (1990) бойынша: мұнай мұнараларын тасымалдау үшін үлкен тіркеп сүйреткішті жалға алу туралы келісімшарт жасалған. Келісімшартқа сай, The Super Servant One және The Super Servant Two атты сүйреткіштердің біреуі пайдалануға берілуге тиіс еді. Бірақ апат салдарынан бір сүйреткіш жарамсыз болып қалған (The Super Servant Two сүйреткіші Заир өзенінде батпаққа малтығып қалған). Апелляциялық сот сүйреткіш иесі жұмысқа жарамды екінші кемені (басқа бір тарапқа беруге келісіп қойғанына қарамастан) пайдалануға беруге тиіс, яғни ол өзіне жоғарыда аталған келісімшарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындаудан босатылмайды (форс-мажор туралы ескертпеге түсіндірме беру мәселесінде қайшылық туындамаса) деген шешім шығарған. Бұл – коммерция саласында «таңдау жасау» мәселесімен байланысты жайт. Таңдау жасау мен келісімшарттың мәнін жоғалтуы мәселесі өзара тәуелді емес.

Қолданылған әдебиеттер

1. MA Clarke, in N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies (London, 2012), Part III, chapters 16 to 18; GH Treitel, Frustration and Force Majeure (3rd edn, London, 2014), 6-022 ff; E McKendrick (ed), Force Majeure and Frustration of Contract (2nd edn, London, 1995)
2. Proposition (i): GH Treitel, Frustration and Force Majeure (3rd edn, London, 2014), 15-002 ff
3. Proposition (ii): GH Treitel, Frustration and Force Majeure (3rd edn, London, 2014), chapter 5
4. MA Clarke, in N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies (London, 2012), 17-050 ff; GH Treitel, Frustration and Force Majeure (3rd edn, London, 2014), chapter 8
5. MA Clarke, in N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies (London, 2012), 17-004 ff; GH Treitel, Frustration and Force Majeure (3rd edn, London, 2014), chapters 3 to 6